



«Бекітемін»  
Мектеп директоры А.Абжалелова  
2021ж

«Келісілді»  
ДПЖО Г. Кенжебекова  
«30» 01 2021

«Қаралды»  
ӘБ жетекшісі Р. Даuletayrova  
«30» 01 2021ж

№69 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша  
«Халық биі» үйірмесінің 2021-2022 оку жылына  
арналған жұмыс жоспары

Үйірме жетекшісі: Тлеукулова.К.Ш

## Түсінік хат

Тек өнер ғана адамның шындыққа тарихи қалыптасқан эстетикалық қарым катынасы тәжірбесін ашады, корытындылайды, жүйелейді. Кез келген мәселені шеше отырып, өнер шындықтың эстетикалық деректерін бейнелейді және ойластырады, ал өмірлік күбылыстарды бағалай отырып басқалармен бірге оларды эстетикалық бағалауга түсіреді. Сонымен бірге ол эстетикалық эмоция туғызады және эстетикалық ләзатқа бөледі. Мұнын бәрі өнерді, демек, музыканы эстетикалық тәрбие берудің ерекше әсерлі және еш нарсемен алмастыруға болмайтын күралына айналдырады.

Тұлғаның мақсатқа бағытталған даму жүйесін құруды талап ететін эстетикалық тәрбие беру музыкасыз, оның адамға көп түрлі әсерін, оның қабылдануы мен тәрбиелік рөлін зерделеусіз мүмкін емес.

Музыка күші оның жан жақты әсер ететіндігінде ( ерік жігерге, ақыл ойға, ойлауға, логикалық сезім деп аталатынға; эстетикалық сана саласында көркем туындының қабалдау қабілетін, оның жетілуін талап ететін арнаны сезіну ретінде әрекет етеді). Осы мағынада алғанда музықамен қалыптасқан эстетикалық сезім эстетикалық категория ретіндегі үйлесімділік ұғымына енген мазмұнға жақын келеді.

Музыкалық шығарманы оқып, орындаі отырып окушы эстетикалық тұрғыдан «өзінен өзі» дамиды және ол үшін мұғалім тарарапынан арнаулы күш жігер жұмсаудың қажеті жоқ деген пікір теориялық жағынан да, практикалық жағынан да кате. Тәжірибелін көрсетуіне карағанда, жан жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін эстетикалық тәрбие беру мәселелеріне, мысалы, гармониямен, эстетикалық қабылдауымен және талғаммен байланысты мәселелерге мұғалімдер тарарапынан арнаулы көңіл бөлуді қажет етеді. Бастауыш сынып окушыларын қабылдаудың откірлігімен және тазалығымен өзіндік «сезімдік қызығушылықпен» ерекшеленеді, музықага аса қызығады.

Хореография дегеніміз – би өнері, сондай-ақ бидің және балет спектаклінің қойылуы. Билер халықтық, тұрмыстық, тарихи және классикалық балет (ен үздік үлгідегі) билері болып бөлінеді. Өнердің басқа тұрлері сияқты би өнері де өмір күбылыстарын, адамдардың өзара қарым-қатынастарын білдіреді. Бидің ерекшелігі адамның сезімін, жан-дуниесін қозғалыс арқылы өте нәзік, көркем түрде беруі.

### Хореографияның мақсаттары:

1. Окушылардың денесін шынықтырып, күшейту.
2. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру.
3. Биді түсіну және билсу қабілетін қалыптастыру.
4. Өзін өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

### Хореографияның міндеттері:

1. Сезіну, есту қабілетін дамыту.
2. Қимыл қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.
3. Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.

4. Музыкалық шығармалардың буын ыргағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.
5. Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.

### **Хореография бағдарламасы.**

Бидің барлық сабактары (оку, үйрену және қойылу) оқушылардың музыка мен бидің тәрбиесімен өзара тығыз байланысты болуы қажет (ол үшін музикамен сүйемелдеуші болғаны дұрыс).

#### **I. Дене тәрбиесі. Дайындық жаттығу.**

1. Қымыл-қозғалысқа катысты аяқ-қол буындарын реттеп, дамыту.
2. Денені дұрыс ұстау.
3. Қымылды үйлестіру.
4. Классикалық шынықтыру жаттығулары.
5. Халықтық шынықтыру жаттығулары.

#### **II. Музыкалық хореографиялық дайындық.**

1. Кіріспе (әдістеме, ереже).
2. Машыктану белімі (биді корсету, талдау үйрету).

#### **III. Тәрбиелік үйимдастыру жұмыстары.**

1. Үйимдастыру. Оқушылардың сырт көрінісіне көніл бөлу.
2. Сойлеу мәнері, қарым-қатынас, мінез-құлық мәдениеті.
3. Өнер туралы сұхбаттар. Қол жеткен табыстарды талқылау.
4. Мерекелерге арналған концерттерді дайындау, өткізу.
5. Қорытынды іс-шаралар.

### **Сабактың құрылымы.**

#### **I. Қымыл ойындары.**

1. Keудені, аякты, қолды дұрыс ұстау.

#### **II. Биғе қатысты қымылдарды үйрету.**

1. Би өнері, би туралы кіріспе әңгіме. Жалпы сипаттама.
2. Оқушының биді корсетуі.
3. Би музыкасын тындалу.
4. Биді толығымен билеп үйрену.
5. Ұлдар мен қыз балаларға арналған би қозғалыстары.

#### **III. Откен сабакты қайталау.**

Үйренген биді, қымыл қозғалысты, әуенді анықтау. Сабактың дайындық болімінде қондырылардагы жаттығулардың орнына музыканың сүйемелдеуімен орындалатын аэробикалық жаттығулармен шектелуге болады.

### **Болжау.**

Би онерімен айналысу оқушылардың жалны денсаулығына жақсы әсер етеді. Накты жеңіл қозғалыспен дұрыс демалуына, музыканың екпінін, буын ыргагын, мазмұнын ажырата білуге көмектеседі.

Хореографиямен айналысу үшін оған арнаулы қондырғы керек. Төменгі топтағы жас балалар арнаулы қондырғысыз ақ залдың ортасында айналысуына болады. Олар үшін ойын түрінде берілетін ырғақты (накты қын қозғалыс) жаттығуларға көбірек көніл бөлу қажет. Олар кимыл-қозғалыспен музыканы үйлестіру шеберлігін дамытады.

## Тақырыптың жоспар

Аптасына 1 сағат  
Барлығы 34 сағат

<b>№</b>	<b>Тақырыптың мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
1.	Ортада. Классикалық жаттығулар жиынтығы	1	
2.	Бастыргышта. Қазақ биіндегі жаттығулар жиынтығы	1	
3.	Ортада. Қазақ биі комбинациялар жиынтығы	1	
4.	Күрделі жаттығулар жиынтығы	1	
5.	Халық биі. Ортада жаттыгулар жиынтығы	1	
6.	Бастыргышта. Халық биіндегі негізгі жаттығулар жиынтығы	1	
7.	Жүрістер	1	
8.	Комбинациялар жиынтығы	1	
9.	Айналмалар түрлері	1	
10.	Саусак қимылдары	1	
11.	Композициялық құрылымы	1	
12.	Халық биі. Түркмен биіндегі негізгі жаттыгулар	1	
13.	Комбинациялар жиынтығы	1	
14.	Аяқ козғалыстары	1	
15.	Қол қимылдары	1	
16.	Айналмалар	1	
17.	Отырыстар	1	
18.	Композициялық құрылым	1	
19.	Грузин биіндегі негізгі жаттығулар жиынтығы	1	
20.	Аяқ козғалыстар	1	
21.	Қол қимылдары	1	
22.	Айналма түрлері	1	
23.	Негізгі жүрістер	1	
24.	Композициялық құрылым	1	
25.	Үйгыр биіндегі жаттығулар жиынтығы	1	
26.	Қол қимылдары	1	
27.	Айналмалар	1	
28.	Аяқ козғалысы	1	
29.	Комбинациялар жиынтығы	1	
30.	Композициялық құрылым	1	
31.	Жастар биіндегі негізгі жаттығулар жиынтығы	1	
32.	Ортада жаттығулар жиынтығы	1	
33.	Жүрістер жастар биіндегі композициялық құрылым	1	
34.	Ер балалармен біріккен жаттығулар	1	
<b>Барлығы</b>		<b>34</b>	

## **Қолданылған әдебиеттер**

1. Ваганова.А.Я. Основа классического танца. Учебник Издательство «Искусство». 1980.
2. Жиенкулова.Ш. Танцы друзей Алматы баспасы «Рауан» 1985.
3. Захаров.Р.В. Сочинение танца. Страницы педагогического опыта. Москва Издательство «Искусство» 1983.
4. Икембаева. Г. Саулық және сымбаттылық. Баспасы Алматы кітап 2002.
5. Ткаченко.М.. Народные танцы. Издательство «Искусство» 1975.
6. Тлеубаев.С.Ш. Танцевально-игровая культура. Алматы баспасы «Рауан» 2000.
7. Шукшурина З. Ритмика Москва Издательство «Музыка» 1976.